

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасының «Білім және ғылым – 2021» XVI Халықаралық ғылыми конференциясы «Филологияның өзекті мәселелері» секциясының «Ұлттық әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен даму үдерістері» бойынша мәжіліс

ХАТТАМАСЫ

2021 жыл, 12 сәуір

Нұр-Сұлтан қаласы

6.1 ұлттық әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен даму үдерістері секция жұмысына 42 баяндама қабылданды. Оның ішінде 26 қатысушы өзіміздің университеттің білім алушылары. Қазақстанның өзге жоғары оқу орындарынан қатысқандар саны – 16. Атап айтқанда, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті (ҚМУ) – 5; Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (СҚУ) – 10; М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті – 1.

Секцияға түскен баяндамалармен комиссия мүшелері тыңғылықты танысып, теориялық-зерттеу бағытын, жаңалығын, тұжырым-қорытындыларының дәйектілігін саралады. Солардың ішінде, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ түскен мақалалардан Закиров Жумахан Оралбайұлының «Көне түркі әдебиеті: генезисі және интерпретациясы» (ғылыми жетекшісі – PhD доктор Г. Сағынадин); Дініслам Мақпалдың «Кенесары хан бейнесі – қазіргі қазақ ақындарының шығармашылығында» (ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Қ.Р.Кемеңгер); Ахмер Біржанның «Қазақ поэзиясындағы ұлттық таным мен ұғымдардың бейнелену тәсілдері» (ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Аймұхамбет), филологиялық сипаты, мәтіндік талдауы терең зерттеу жұмыстары екендігі айырықша аталды. Сонымен қатар, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 4 курс студенті Қадырқұл Айшабибінің «Атау кере» шығармасындағы тұлғалардың әлеуметтік ортаны жатсынуы» (ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, PhD доктор Г.С.Бөкен) тақырыбындағы баяндамасын өз деңгейінде зерттеу жасай алғандығы аталды. Сол сияқты осы оқу орнының 2 курс студенті Қызырбек Ернардың «Қаламгер шеберлігі және «Кездеспей кеткен бір бейне» хақында бірер сөз» (ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, PhD доктор Г.С.Бөкен) баяндамасы мәнді зерттеу тақырыбына арналғаны аталды.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінен Нүсіпжанов Ерсұлтан мен Сабеков Сұлтанбектің «Абай және Әуеов шығармашылығы: Рухани сабақтастық пен әдеби байланыс» (ғылыми жетекшісі – Е.Әбдімомынов) баяндамасының тарихи-филологиялық аспектідегі талдауға құрылғандығы аталды. Сондай-ақ, М. Қозыбаев атындағы СҚУ КеАҚ филология мамандығының 1 курс магистранты Жакупов Ақмаралдың «Тарихи жырлардың шығу тегі» (ғылыми жетекшісі – Ж.Т.Қадыров), баяндамасының филологиялық аспектісінің айқындығы аталды.

Баяндамаларға жасалған қорытынды бойынша төмендегідей шешім қабылданды

Шешім:

1. Ұлттық әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен даму үдерістері секциясы бойынша –

I орын

1. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультетінің 4 курс студенті Закиров Жумахан Оралбайұлына (ғылыми жетекшісі – PhD доктор Г. Сағынадин) берілді.

2. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 4 курс студенті Қадырқұл Айшабибіге (ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, PhD доктор Г.С.Бөкен) берілді.

II орын

1. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультетінің II курс магистранты Дініслам Мақпалға (ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Қ.Р.Кемеңгер) берілді.

2. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультетінің II курс магистранты Ахмер Біржанға (ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Аймұхамбет) берілді.

III орын

1. М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенттері Нүсіпжанов Ерсұлтан мен Сабеков Сұлтанбекке (ғылыми жетекшісі – Әбдімомынов Еділбек) берілді.

2. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 2 курс студенті Қызырбек Ернарға (ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, PhD доктор Г.С.Бөкен) берілді.

3. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, филология мамандығының 1 курс магистранты Жакупов Ақмаралға (ғылыми жетекшісі – Ж.Т. Қадыров) берілді.

2. Секция жұмысына түскен барлық баяндамалар жинаққа енгізілсін.

Комиссия төрайымы:

Филология ғылымдарының


кандидаты, профессор



Байтанасова Қ.М

Комиссия мүшелері:

PhD доктор



Карипбаев Ж.Т.

PhD доктор



Сағынадин Г.С.

Хатшы:

Магистрант



Куанышов А.Қ.